



ТОҚ ІШЕК

Факультет: Стоматология

Курс: 2

Топ: 233

Орындаған: Ережепов Д

Тексерген:

Түркістан 2017

ЖОСПАР:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Тоқ ішектің атқаратын функциялары

2. Тоқ ішек құрылысы

3. Тоқ ішектің кейбір бөлімдерінің құрылысы

4. Тоқ ішектің қызметі

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе:

Тоқ ішек (ободочая кишка) (intestinum crassum, лат. intestinum — ішек, crassum — тоқ) — асқорыту жүйесінің соңғы бөлімінің ортаңғы бөлігі. Тоқ ішектің қабырғасы ішкі — кілегейлі, ортаңғы — етті және сыртқы —сірлі қабықтардан тұрады. Оның кілегейлі қабығында ішек бүрлері болмайды. Ол бірқабатты призма тәрізді эпителиймен астарланған. Жылқы және шошқа тоқ ішегі қабырғасында ұзынынан орналасқан етті таспалар және олардың аралықтарында қалташалар болады. Тоқ ішекте қорытылған қоректік заттар толығымен сіңіріліп, қорытылмаған азық қалдықтары нәжіс түрінде сыртқа шығарылады

1. Атқаратын функциялары

Сіңіру-химустан су мен электролиттерді қарқынды сіңіру және нәжіс қалыптастыру, ішек бактерияларын синтездеу. К және В тобының витаминдерін және клетчатканың ыдырау өнімдерін сіңіру

Механикалық-ішек ішіндегі нәжісті дистальды бағытта жылжыту және оны организмнен шығару

Секреторлық нәжістің эвакуациясын жеңілдететін кілегейді көп мөлшерде секрециялау

Ас қорыту-клетчатканы қорыту, негізінде тоқ ішек микрофлорасының бактериялары өндіретін ферменттері іске асыратын процесс

Басқада функцияларына : **Барьерлік-қорғаныс, Эндокриндік, Экскреторлық**

2.0 Медициналық маңыздылығы:

Қоректік заттардың организмге табиғи жолмен түсуі мүмкін болмаған жағдайда, тоқ ішектің сіңіргіш қасиетіне байланысты кейде клиникада қоректік қоспаларды науқастарға клизма арқылы тағайындайды

2. **Тоқ ішектің құрылысы :**

Оның қабырғасы кілегейлі, кілегей асты, бұлшықетті және серозды қабықтардан тұрады.

Кілегейлі қабығы-бірлесіп рельефін құрайтын және аймағын ұлғайтатын жартыай тәрізді қатпарларды, крипталарды (қара түкті бездер) қалыптастырады

Кілегей асты негізі: борпылдақ талшықты дәнекер тіннен құрылған, құрамында қан тамырлары, нерв өрімдері және кілегейлі қабықтан енген лимфадтық түйіншектер бар
Бұлшықетті қабықтан екі қабат бар: ішкі циркулярлы (шеңберлі) және сыртқы бойлық. Соңғы қабаты тұтас емес-үш бойлық таспа түрде қалыптасқан.

Серозды қабық мезотелийден және астындағы БТД тіннен тұрады. Құрамында май тіні бар саусақ тәрізді өсінділер қалыптастырады.

3. Тоқ ішек кейбір бөлімдерінің құрылысы

Соқыр ішектің құрт тәрізді өсіндісі мен тік ішектің құрылысы бір қатар ерекшеліктермен сипатталады

3.1 Құрт тәрізді өсінді (Аппендикс) Оның қабырғасы әдеттегі 4 қабықтан тұрады:

1.Кілегейлі

2.Кілегейасты негізі

3.Бұлшықетті

4.Серозды

Тоқ ішекке тән ерекшеліктер

1. Ерекше бойлық бұлшық ет таспалар (*teniae coli*) болуы;
2. Өзіне тән қампайманың (*haustra coli*) болуы;
3. Майы бар сірлі қабық өсіндінің (*appendices epiploicae*) болуы;

Жоғарылаған ішек (*colon ascendens*) мезапертонеальді орналасқан, алайда сирек жағдайда жеке қысқа шажырқайымен интраперитонеальді орналасуы мүмкін. Ол оғ жақ қабырға астында бауырлық иірім жасап, көлденеңдеген бөлікке өтеді. Көлденең ішектің ұзындығы 50-60 см, интраперитонеальді орналасқан. Ол сол қабырға астында көкбауырлық иірім жасап, төмендеген ішекке ауысады. Тоқ ішектің жалпы ұзындығы 180-200 см, ал диаметрі 5-6 см. Оның бірнеше иілімдері бар. Бірінші бауыр иілімі (*flexura coli dextra*), ал екіншісі көкбауыр иілімі (*flexura coli sinistra*) және солармен қатар сигма тәрізді бөлігі мен тік ішек шекарасындағы иілімдер. Алғашқы аталған екі иілімдер тұсында және көлденең бөлігінде тоқ ішекті бекітіп тұратын арнайы байламдар бар

ҚОРЫТЫНДЫ

.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. www.google.ru сайты
2. С.А.Ажаев «Ас қорыту мүшелері»